

## "Жамбыл облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Жамбыл облысы әкімдігінің 2014 жылғы 27 наурыздағы № 67 қаулысы. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 5 мамырда № 2210 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы әкімдігінің 2016 жылғы 8 тамыздағы № 245 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы әкімдігінің 08.08.2016 № 245 қаулысымен.**

**РҚАО-ның ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Жамбыл облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған "Жамбыл облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі - Басқарма) Ережесі бекітілсін.
2. Басқарма заңнамада белгіленген тәртіппен:
  - 1) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;
  - 2) осы қаулының мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оны ресми жариялауға мерзімді баспа басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне жіберуді;
  - 3) осы қаулының Жамбыл облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары М. Жолдасбаевқа жүктелсін.
4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*K. Көкрембеков*

# **"Жамбыл облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің**

## **ЕРЕЖЕСІ**

### **1. Жалпы ережелер**

1. "Жамбыл облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Басқарма) ауыл шаруашылығы саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.
2. Басқарманың ведомстволары жоқ.
3. Басқарма өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.
4. Басқарма мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.
5. Басқарма азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.
6. Басқарма егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілдептік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.
7. Басқарма өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен басшысының бүйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды .
8. Басқарма құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.
9. Заңды тұлғаның орналасқан жері-пошта индексі 080008, Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Таразқаласы Абай көшесі № 119 үй.
10. Мемлекеттік органның толық атауы "Жамбыл облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Басқарма).
11. Осы Ереже Басқарманың құрылтай құжаты болып табылады.
12. Басқарма қызметін қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджеттерден жүзеге асырылады.
13. Басқармаға кәсіпкерлік субъектілерімен функциялары болып табылатын

міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға тұсуге тыйым салынады

Егер заннамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері**

14. Басқарма миссиясы:

бірыңғай аграрлық саясатты жүргізуі, экономикалық реформаларды терендету, аграрлық сектордағы барлық меншік түрлері мен шаруашылық жүргізу әдістерін дамытуға ықпал ету, егін шаруашылығы, астық нарығы, мал шаруашылығы және ветеринария салаларының дамуын болжамдау.

**Ескерту. 14 - тармақ жана редакцияда – Жамбыл облысы әкімдігінің 26.02.2015 № 32 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

15. Міндеттері:

1) Жамбыл облысын дамытудың бағдарламасын іске асыруға қатысу және агроенеркәсіп саласы бойынша өзінің құзыretі шеңберінде мониторинг жүргізу;

2) агроенеркәсіп кешені субъектілеріне мемлекеттік аграрлық азық-түлік саясатының және ауылдық аумақтарды дамыту саясатының негізгі бағыттары мен тетіктерін түсіндіру жөніндегі жұмысты үйлестіру;

3) басқарма басшысының бүйректерімен бекітілетін, іске асыруды анықтау бойынша мақсатты индикаторлары бар Операциялық жоспарды дайындауды. Бір жылда бір рет жоспарланған іс-шаралардың орындалу барысына мониторинг жүргізу, бұл бойынша дайындалған мәліметтерді Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне және облыс әкімі аппаратына ұсыну;

4) агроенеркәсіп кешені салаларын мамандармен қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жүзеге асыру, агроенеркәсіп кешені кадрларын даярлауды, қайта даярлауды және біліктілігін арттыруды ұйымдастыру;

5) облыс көлемінде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының көтерме, бөлшек бағаларына мониторинг жүргізіп, бұл бағыттағы жұмыстар бойынша қажетті деректер, құжаттар, мәліметтер дайындау;

6) инфляция үдерістерін талдауға және әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары мен қызметтерге бағаны тұрақтандыруға басқа кәсіпорындармен бірлесіп әрекет жасау, шығарылатын өнімдер құрамы бойынша өнірлік көрмелер, жәрменкелер ұйымдастыру;

7) облыстық тұрақтандыру қорымен жұмыстар жүргізу, сатып алу, сату

интервенциялары бойынша жұмыстар жүргізу, тиісті комиссиялардың жұмысын ұйымдастыру;

8) агроОнеркәсіп кешені саласына инвестияларды тарту, инновациялық тәжірибелерді тарату және енгізу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, бәсекеге қабілетті өндірістерді өркендету және дамыту, оларды модернизациялау және халықаралық сапа менеджменті жүйелеріне өткізу үшін жағдайлар жасау;

9) малдарды қолдан ұрықтандыратын мемлекеттік пункттердің құрылышын жүргізуді, ұстауды және қайта жаңғыруды, мал өнімдері мен шикізатын, ауыл шаруашылығы малдарын соятын аландар, арнайы пестицидтер, улы химикалтар мен олардың ыдыстарын сақтайтын орындар (мал көметін) дайындауды қамтамасыз ету;

10) зиянды организмдермен құрес жөніндегі іс-шараларды жүргізуді қамтамасыз ету;

11) гроөнеркәсіп кешені салаларына инвестиялар мен екінші деңгейлі банктер несиelerін тарту;

12) бәсекеге қабілетті өндірістерді өркендету және дамыту, оларды модернизациялау және халықаралық сапа менеджменті жүйелеріне өткізу үшін жағдайлар жасау;

13) мамандандырылған мал шаруашылықтарын көбейту үшін жағдайлар жасау жөнінде іс-шаралар өзірлеу;

14) ішкі және сыртқы азық-түлік нарығындағы ахуалды зерделеу және агроОнеркәсіп кешені субъектілерінің тиісті ақпаратқа қол жетімділігін қамтамасыз ету;

15) ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің ішіндегі ұсақ шаруашылықтарын ірілендіру бағытында тиісті жұмыстар атқару, ауылдық тұтыну кооперативтерін дамыту;

16) асыл тұқымды малдың мемлекеттік тіркелімін жүргізу және басып шығару;

17) ірі қара мал тұқымдары жөніндегі республикалық палаталардың және мал шаруашылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын өзге де қоғамдық бірлестіктердің ұсыныстарын ескере отырып, көрсетілген мақсаттарға көзделген бюджет қаражаты шегінде асыл тұқымдық өнімге (материалға) арналған субсидияларды бөлу;

18) бекітілген нысандар бойынша асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы деректердің есебін жүргізу;

19) құндылығы жоғары асыл тұқымды малды тиімді пайдалануды ынталандыру мақсатында бағалау туралы деректерді қорыту және оның нәтижелері туралы мүдделі тұлғаларды хабардар ету;

20) асыл тұқымды малдың, оның ішінде тектік қоры шектеулі тұқымдардың

тектік қорын сақтауға және қалпына келтіруге бағытталған іс-шараларды субсидиялауды жүзеге асыру;

21) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен бірлесе отырып, халық денсаулығын жануарлар мен адамға ортақ аурулардан қорғауды ұйымдастыру және өзара ақпарат алмасуды жүзеге асыру;

22) Қазақстан Республикасының рұқсат және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес жануарлардан алынатын өнім мен шикізатқа ветеринариялық-санитарлық сараптаманы лицензиялау;

23) уәкілетті органмен келісім бойынша Жамбыл облысының аумағында ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар жоспарын бекіту;

24) Жамбыл облысының аумағында ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар өткізууді ұйымдастыру;

25) ветеринариялық препараттардың республикалық қорын қоспағанда, жануарлардың аса қауіпті ауруларының профилактикасына арналған ветеринариялық препараттарды сақтауды, оларды аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына тасымалдауды (жеткізууді) ұйымдастыру;

26) профилактикасы мен диагностикасы бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын жануарлардың энзоотикалық ауруларының тізбесін бекіту;

27) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдарды (құралдарды) және атрибуттарды тасымалдау (жеткізу), ветеринариялық паспортты дайындау жөнінде көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру;

28) ауыл шаруашылығы жануарлардың бірдейлендіру жөніндегі дерекқордың жүргізілуін ұйымдастыру;

29) ветеринариялық есепке алу мен есептілікті жинақтау, талдау және оларды уәкілетті органға ұсыну;

30) уәкілетті орган бекіткен тізбе бойынша жануарлардың аса қауіпті ауруларының, сондай-ақ жануарлардың энзоотиялық және басқа да ауруларының профилактикасы, биологиялық материал сынамаларын алу және оларды диагностикалау үшін жеткізу бойынша ветеринариялық іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз ету;

31) ветеринария мәселелері бойынша халық арасында ағарту жұмыстарын жүргізууді ұйымдастыру;

32) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдарға (құралдарға) және атрибуттарға қажеттілікті айқындау және процесингтік орталыққа ақпарат беру;

33) жануарлардың энзоотиялық ауруларының профилактикасы және диагностикасы бойынша ветеринариялық препараттарды мемлекеттік сатып алушы жүзеге асыру;

34) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасын сақтауына мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалауды ұйымдастыру және жүзеге асыру;

35) эпизоотия ошақтары пайда болған жағдайда оларды зерттең-қарауды жүргізу;

36) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен техникалық регламенттерде белгіленген талаптардың орындалуын мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды ұйымдастыру және жүзеге асыру;

37) жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өндеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп және жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға есептік нөмірлер беру;

38) эпизоотологиялық зерттең-қарау актісін беру;

39) Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасының сақталуы тұрғысынан мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды:

ішкі сауда объектілерінде;

жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өндеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілерінде, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп және жемшөп қоспаларын сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарда (импортпен және экспортпен байланыстыларды қоспағанда);

ветеринариялық препараттар өндіруді қоспағанда, ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын тұлғаларда;

экспортын (импорттын) және транзитін қоспағанда, тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді тасымалдау (орнын ауыстыру), тиеу, түсіру кезінде;

экспортты (импортты) және транзитті қоспағанда, жануарлар ауруларының қоздырушыларын тарататын факторлар болуы мүмкін көлік құралдарының барлық түрлерінде, ыдыстың, буып-тую материалдарының барлық түрлері бойынша;

тасымалдау (орнын ауыстыру) маршруттары өтетін, мал айдалатын жолдарда, маршруттарда, мал жайылымдары мен суаттардың аумақтырында;

экспортты (импортты) және транзитті қоспағанда, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді өсіретін, сақтайтын, қайта өндейтін, өткізетін немесе пайдаланатын жеке және занды тұлғалардың аумактарында, өндірістік үй-жайларында және қызметіне жүзеге асыру;

мал қорымдарын (биотермиялық шұнқырларды), орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді күтіп-ұстауға, өсіруге, пайдалануға, өндіруге, дайындауға (союға), сақтауға, қайта өндеу мен өткізуға байланысты мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілерін орналастыру, салу, реконструкциялау және пайдалануға беру кезінде, сондай-ақ оларды тасымалдау (орнын ауыстыру) кезінде зоогигиеналық және ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптардың сақталуына мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

40) жеке және занды тұлғаларға қатысты мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау актісін жасау;

41) астық қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметті лицензиялау;

42) табиғи-климаттық жағдайларды және нарық конъюнктурасын ескере отырып, астық өндірісі құрылымын оңтайландыру, астық өндірудің, сақтаудың және өткізудің жаңа озық технологияларын жетілдіру және енгізу;

43) бюджеттік бағдарламаларға сәйкес отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге минералдық тыңайтқыштардың, тұқым улағыштар мен гербицидтердің құнын арзандатуды жүзеге асыру;

44) ішкі нарықтық мұнай өнімдеріне қажеттіліктерін уақытылы қамтамасыз ету жөнінде қажетті шаралар қабылдау;

45) өнірлерде техникалық реттеу саласында сәйкестікті растау бойынша қызметтер көрсету жөнінде бәсекелестік органды құру бойынша шаралар қабылдау;

46) астық қабылдау кәсіпорындарын:

бекітілген графиктерге сәйкес жаңа егіннің астығын қабылдауға дайындығы түрғысынан астық қабылдау кәсіпорындарын жыл сайынғы тексеруді;

астық қабылдау кәсіпорындарын зерттеп-тексеру актілерін ресімдеуді қамтитын бақылау;

47) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген тәртіппен астық қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету бойынша қызметті жүзеге асыру құқығына лицензияның қолданылуын тұтастай немесе жекелеген операцияларды жүзеге асыру бөлігінде алты айға дейінгі мерзімге тоқтата тұру;

48) тиісті облыстық дәнді дақылдар егуге арналған екі жұз елу гектар және

одан да көп егіс алаңы бар отандық астық өндірушілерінің мемлекеттік астық ресурстарына азық-түліктік астық жеткізу мөлшерін жалпы тұсімге проценттік қатынаспен бекіту;

49) 49) дәнді дақылдар егуге арналған екі жұз елу гектар және одан да көп егіс алаңы бар отандық астық өндірушілердің мемлекеттік астық ресурстарын қалыптастыру жөніндегі міндетін орындауын бақылау;

50) мемлекеттік тұрақтандыру астық ресурстарын қалыптастыру көлемін бекіту үшін астық мұқтажын бәсекелестік секторы қамтамасыз етпеген етінімдерді уәкілдеп органға ұсыну;

51) тендерлік негізде:

ішкі нарықты реттеу мақсатында мемлекеттік сатылатын және мемлекеттік тұрақтандыру астық ресурстарының астығын оларға өткізу үшін астықты қайта өндеу ұйымдарын;

мемлекеттік сатылатын және мемлекеттік тұрақтандыру астық ресурстарының астығынан өндірілген ұнды оларға өткізу үшін нан пісіру ұйымдарын айқындау;

52) астықты қайта өндеу ұйымдары ішкі нарықты реттеу мақсатында сатып алатын мемлекеттік сатылатын және мемлекеттік тұрақтандыру астық ресурстары астығының құнын оларға ішінана өтеу;

53) астықты қайта өндеу ұйымдарының мемлекеттік сатылатын және мемлекеттік тұрақтандыру астық ресурстарының астығын нысаналы пайдалануын бақылау;

54) мемлекеттік сатылатын және мемлекеттік тұрақтандыру астық ресурстарының астығынан өндірілген ұнның және нан-тоқаш өнімдерінің шекті бағасын айқындау және астықты қайта өндеу ұйымдарының, нан пісіру ұйымдарының және көтерме-бөлшек сауда ұйымдарының оны сақтауына бақылауды жүзеге асыру;

55) астық қабылдау кәсіпорындарының:

"Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес астықтың сандық-сапалық есебін жүргізу, астықты сақтау; астық қолхаттарын беру, олардың айналымы және оларды өтеу қағидаларын сақтауын бақылау;

56) әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде астық нарығының мониторингін жүзеге асыру;

57) астық қауіпсіздігі мен сапасын мемлекеттік бақылау;

58) занда көзделген негіздер болған кезде астық қабылдау кәсіпорнынан астықты көліктің кез келген түрімен тиеп жөнелтуге тыйым салу;

59) астық қолхаттары тізілімінің деректеріне сәйкес астықтың сандық-сапалық есебін жүргізу және астықтың сақталуын қамтамасыз ету

жөніндегі талаптарды сақтау түрғысынан астық қабылдау кәсіпорындарының қызметін инспекциялау (тексеру);

60) астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқаруды енгізу және мерзімінен бұрын аяқтау туралы сотқа арыз беру;

61) 61) астық нарығына қатысушылардың астығының нақты бар-жоғы мен сапасын және оның есепті деректерге сәйкестігін тексеру;

62) астықтың, оның ішінде мемлекеттік астық ресурстарының сандық-сапалық жай-күйін бақылау;

63) астық қолхаттарын ұстаушыларға астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқару жөніндегі комиссияның құрамына енгізу үшін кандидатуралар ұсыну туралы хабарлама жіберу;

64) мемлекеттік астық ресурстарының көлемі, құрылымы, оларды қалыптастыру, сақтау, жаңарту, орнын ауыстыру және пайдалану қагидалары жөнінде ұсыныстар енгізу;

65) астық қолхаттарын бере отырып, қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына лицензияның қолданысын тоқтата түру және (немесе) одан айыру туралы ұсыныстарды облыстың жергілікті атқарушы органына енгізу;

66) астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқаруды енгізу жөнінде ұсыныстар енгізу;

67) тұқым шаруашылығы саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

68) тұқым шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

69) уәкілетті органның қарауына элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарының элиталық тұқымдарды өндіру мен өткізу көлемі жөнінде ұсыныстар енгізеді;

70) тұқым шаруашылығы субъектілеріне және тұқым сапасына сараптама жүргізу жөніндегі зертханаларға уәкілетті орган айқындастын тәртіппен тиісті күәлік бере отырып, оларды аттестаттауды жүргізу;

71) рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімін жүргізеді;

72) облыс бойынша тұқымдар баланстарын жасау;

73) ауыл шаруашылығы саласындағы уәкілетті органға ауыл шаруашылығы дақылдарының тұқым шаруашылығы саласындағы қажетті ақпарат беруді қамтамасыз ету;

74) құзыреті шегінде ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің сақтық және ауыспалы тұқым қорларын қалыптастыруына жәрдемдесу;

75) бастапқы, элиталық тұқым шаруашылығын жүргізу және ауыл шаруашылығы дақылдарының тұқымдарын жаппай көбейту схемалары мен әдістері бойынша ұсыныстар енгізеді;

76) сұрыптық және тұқымдық бақылауды жүзеге асыру, сұрыптық

егістіктерді байқаудан өткізуді, жерге егіп бағалауды, зертханалық сұрыптық сынақтарды, тұқым сапасына сараптама жүргізу тәртібінің орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

77) тұқымдардың мемлекеттік ресурстарының саны-сапасы жағынан жай-күйін бақылауды жүзеге асырады;

78) заңға сәйкес айқындалатын квоталар шегінде субсидиялауға жататын тұқымдарды өткізудің шекті бағасын белгілейді;

79) субсидиялауға жататын тұқымдардың әрбір түрі бойынша жыл сайынғы квоталарды:

тұқым шаруашылығы саласында аттестатталған әрбір субъект үшін – бірегей тұқымдар бойынша;

әрбір әкімшілік-аумақтық бірлік үшін элиталық тұқымдар бойынша айқындайды;

80) субсидияланған бірегей және элиталық тұқымдардың мақсатты пайдаланылуын бақылайды;

81) байқаудан өткізушилер мен тұқым сарапшылары кадрларын даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;

82) ауыл шаруашылығы есімдіктері тұқымдарының сұрыптық және егістік сапасына сараптама жүргізу жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;

83) тұқым шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспектордың ұсынысы негізінде:

субъектінің тұқым шаруашылығы саласындағы қызметті жүзеге асыруға құқығын куәландыратын аттестаттау туралы куәлігінің қолданысын;

тұқымдардың сұрыптық және егістік сапаларына сараптама жүргізу жөніндегі қызметті тоқтата тұрады;

84) Қазақстан Республикасының өсімдік шаруашылығы саласындағы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

85) агенттің, қоғамның қызметін, олардың Қазақстан Республикасының өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы заңнамасын сақтауын бақылауды жүзеге асырады;

86) сақтанушылардың міндетті сақтандыру шарттарын жасасудан жалтаруы туралы және қоғамның Қазақстан Республикасының өзара сақтандыру туралы заңнамасының және "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 10 наурыздағы Заңы талаптарын сақтамауы туралы істерді қарайды;

87) өздерінің бақылау функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті ақпарат пен құжаттарды сақтанушыдан, сақтандырушыдан, агенттен және қоғамнан сұратады және алады;

88) өздерінің бақылау функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті ақпарат пен күжаттарды сақтанушының, сақтандырушының, агенттің және қоғамның ұсыну нысаны мен мерзімдерін белгілейді;

89) биоотын өндірісін мемлекеттік реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты ез құзыretі шегінде іске асырады;

90) биоотын өндірісі саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

91) биоотын өндіру зауытын салуға арналған техникалық-экономикалық негізdemеге салалық сараптама жүргізеді;

92) биоотын өндірісінің мониторингін жүргізеді;

93) биоотын өндірісі саласындағы уәкілетті органға биоотын өндірісі бойынша өндірістік қуаттардың шекті қөлемдерін айқындау жөнінде ұсыныстар енгізеді;

94) қоршаған ортаны қорғау және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдармен келісім бойынша пестицидтерді (улы химикаттарды) залалсыздандыру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

95) өсімдіктерді қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;\

96) арнайы сақтау орындарын (көмінділерді) салу, тиісті жағдайда күтіп-ұстау және қолдау;

97) мыналар:

пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіру (формуляциялау);

пестицидтерді (улы химикаттарды) өткізу;

пестицидтерді (улы химикаттарды) аэрозольдық және фумигациялық тәсілдермен қолдану жөніндегі қызметті лицензиялау;

98) карантинді обьектілердің таралуының есебін жүргізеді және уәкілетті орган мен мұдделі тұлғаларға ақпарат береді;

99) өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

100) мемлекеттік карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау обьектілерінде осы обьектілердің иелері – жеке және заңды тұлғалардың, сондай-ақ мемлекеттік басқару органдарының өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды жүргізуін ұйымдастырады;

101) уәкілетті органның ұсынуы бойынша тиісті аумақтарда карантиндік режимді енгізе отырып, карантинді аймақты белгілеу немесе оның қүшін жою туралы шешім қабылдайды;

102) тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыш машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды мемлекеттік тіркеу;

103) тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін

шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылым машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жыл сайынғы мемлекеттік техникалық байқаудан өткізу;

104) тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылым машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жүргізу құқығына емтихандар қабылдау және куәліктер беру;

105) тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылым машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды кепілге қоюды мемлекеттік тіркеу;

106) тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылым машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды сенімхат бойынша басқаратын адамдарды тіркеу;

107) тракторларға және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерге, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелеріне, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылым машиналары мен механизмдерге, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарға ауыртпалықтың жоқ (бар) екендігі туралы ақпарат ұсыну;

108) тексерілетін субъектілердің (объектілердің) біртекtes топтары үшін реттеуші мемлекеттік органдар өз құзыretі шегінде тексеру параптарын бекітеді;

109) тексеру параптарының нысандары реттеуші мемлекеттік органдардың және кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органның бірлескен актісімен бекітіледі және мемлекеттік органдардың ресми интернет-ресурстарында жарияланады;

110) ведомстволық есептіліктің жиынтық деректері жергілікті атқарушы органның ресми интернет-ресурсында ай сайын жариялау;

111) тексерулер жүргізілетін жылдың алдындағы жылдың 15 қарашасына дейінгі және ағымдағы күнтізбелік жылдың 15 сәуіріне дейінгі мерзімде тексерулер жүргізудің жартышылдық графиктерінің жобаларын келісу үшін құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органға жібереді;

112) тексерулер жүргізілетін жылдың алдындағы жылдың 10 желтоқсанына дейінгі және ағымдағы күнтізбелік жылдың 10 мамырына дейінгі мерзімде тексерулер жүргізудің бекітілген жартыжылдық графиктерін Қазақстан Республикасының Бас прокуратуrases тексерулер жүргізудің жартыжылдық жиынтық графигін қалыптастыруы үшін құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі өкілетті органға жібереді;

113) Нұсқамалар беру, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарau;

114) Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

**Ескерту. 15 - тармақ жаңа редакцияда – Жамбыл облысы әкімдігінің 26.02.2015 № 32 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

#### 16. Функциялары:

1) ауыл шаруашылығын дамыту бойынша мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын жүзеге асырады;

2) Қазақстан Республикасының стратегиялық және бағдарламалық құжаттарының, аймақты дамыту бағдарламасы бөлімдерінің негізінде Жамбыл облысында ауыл шаруашылығын дамыту бойынша стратегиялық құжаттарды өзірлейді, сондай-ақ олардың мониторингін қамтамасыз етеді;

3) Басқарманың құзырына енетін мәселелер бойынша облыс әкімінің, әкімдіктің және жетекшілік жасайтын лауазымды тұлғаның тапсырмаларын іске асыру бойынша іс-шараларды жүзеге асырады;

4) қолданыстағы заңнамаға сәйкес ауыл шаруашылығы саласында халықаралық, аймақаралық байланыстарды жүзеге асырады;

5) ішкі бақылау қызметінің жұмысын ұйымдастырады;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

#### 17. Құқықтары мен міндеттері:

##### құқықтары:

1) өзінің функцияларын орындау үшін мемлекеттік органдардан, басқа ұйымдардан қажетті ақпараттар алу және сұрау;

2) Жамбыл облысы әкімдігіне (әкіміне) Жамбыл облысындағы ауыл шаруашылығын дамытудың негізгі бағыттары жөнінде және оны жетілдіру туралы ұсыныстар енгізу;

3) өз құзыреті шегінде ауыл шаруашылығы мәселелері бойынша Республиканың заңдарын жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды дайындауға қатысу;

4) өз құзыреті шегінде конкурстар өткізудің бірегей үйымдастырушысы анықталған жағдайда жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мекемелерден ашық конкурстарды өткізу үшін ақпараттар мен құжаттарға (тапсырысқа, сатып алу жоспарына және т.б.) ресми сұрау салу.

міндеттері:

1) Басқарма ауыл шаруашылығын дамыту саласында мемлекеттік саясатты жүргізуге, сондай-ақ жоғары түрған мемлекеттік органдардың және лауазымды тұлғалардың тапсырмаларын орындауға міндетті;

2) ауыл шаруашылығы мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен, кәсіпорындармен, үйымдармен өзара іс-қимылдар жасауға;

3) Басқармаға қолданыстағы заңнамаға сәйкес өзге де міндеттер.

### **3. Мемлекеттік органның қызметін үйымдастыру**

18. Басқармаға мемлекеттік басшылықты Басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

19. Басқарманың бірінші басшысын Жамбыл облысының әкімі қызметке тағайындалды және қызметтен босатады.

20. Басқарма бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

21. Басқарма бірінші басшысының өкілеттігі:

1) Басқарма атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

2) барлық органдарда Басқарманың мүддесін корғайды;

3) басшы лауазымдардағы қызметкерлердің құзыретін белгілейді;

4) келісім-шарттар жасайды;

5) сенімхаттар береді;

6) банкіде есеп шоттар ашады, іс бойынша келісім жасайды;

7) барлық қызметкерлерге міндетті болып табылатын бұйрықтар шығарады және тапсырмалар береді;

8) Басқарма қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан шығарады;

;

9) қызметкерлерді марапаттау және жазалау шараларын қолдайды.

Басқарманың бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындейды.

22. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

#### **4. Мемлекеттік органдың мүлкі**

23. Басқарманың заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

Басқарманың мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ, өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

24. Басқармаға бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

25. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Басқарма өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

#### **5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

26. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.